KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2018 жылғы 29 маусым

2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ҮКІМЕТТЕРГЕ АУДАРЫЛҒАН ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

KAZ Minerals PLC («KAZ Minerals» немесе «Топ») осы арқылы Ақпаратты ашу ережелері мен ашықтық ережелеріне (DTR4.3A) және 2014 жылғы Үкіметтерге аударылған төлемдер туралы есептерді жасау нұсқаулығына («Нұсқаулық») сәйкес 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы төлемдер туралы ақпаратты ұсынады.

Үкіметтерге төлемдер

Төмендегі кестеде Нұсқаулыққа сәйкес Топтың үкіметтерге аударған төлемдері туралы біріккен есебі бар. Кестеге пайдалы қазбаларды барлауға, іздеуге, табуға, өндіруге және қазуға қатысты 86 000 фунт стерлингтен асатын (116 000 АҚШ доллары) барлық төлемдер жобаларына, үкіметтерге және мемлекеттерге сәйкес енгізілді. Сандар таяу мың АҚШ долларына дейін жалпыланған.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда Нұсқаулыққа сәйкес үкіметтерге аударылған төлемдер 311,7 млн. АҚШ долларына құрады.

$млн	Корпоративтік табыс салығы	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы және роялти[1]	Төлем көзінде алынатын салық	Жазылыс бонусы	Лицензиялар төлемі [2]	Инфрақұрылымдық және әлеуметтік төлемдер [3]	Барлығы
ҚАЗАҚСТАН							
Артемьев – келісімшарттық іс-қызмет	-	15,708	-	-	-	-	15,708
Ертіс - келісімшарттық іс-қызмет	-	11,574	-	-	385	-	11,959
Орлов - келісімшарттық іс-қызмет	-	26,098	-	-	-	-	26,098
Юбилейно-Снегирихин - келісімшарттық іс-қызмет	-	2,347	-	-	156	-	2,503
ШТМ – Келісімшарттан тыс іс-қызмет	42,620	-	292	-	-	3,863	46,775
Барлығы Шығыс өңір	**42,620**	**55,727**	**292**	**-**	**541**	**3,863**	**103,043**
Ақтоғай – келісімшартты және келісімшарттан тыс іс-қызмет	11,659	33,441	13,075	-	806	601	59,582
Бозшакөл - келісімшартты және келісімшарттан тыс іс-қызмет	7,403	94,021	34,158	-	157	5,896	141,635
Көксай - келісімшартты және келісімшарттан тыс іс-қызмет	-	-	-	-	-	-	-
Өзге кәсіпорындар	168	128	-	-	-	-	296
	61,850	**183,317**	**47,525**	**-**	**1,504**	**10,360**	**304,556**
АЛУШЫ							
Табыс жөніндегі мемлекеттік комитет	61,850	183,317	47,525	-	698	-	293,390
Жергілікті билік органдары	-	-	-	-	806	10,360	11,165
	61,850	**183,317**	**47,525**	**-**	**1,504**	**10,360**	**304,556**
ҚЫРҒЫЗСТАН							

Бозымшақ – келісімшартты және келісімшарттан тыс іс-қызмет	-	**6,110**	**1,019**	-	-	-	**7,129**
АЛУШЫ							
Мемлекеттік салық әкімшілігі (орталық үкімет)	-	5,176	1,019	-	-	-	6,195
Жергілікті билік органдары	-	934	-	-	-	-	934
	-	**6,110**	**1,019**	**-**	**-**	**-**	**7,129**
Үкіметтерге төлемдер	**61,850**	**189,427**	**48,544**	**-**	**1,504**	**10,360**	**311,685**

(1) Қазақстанда пайдалы қазбаларды өндіру салығы ЛМБ немесе LBMA-ғы минералды ресурстардың орташа бағасына сәйкес өндірілген минералды ресурстардың құнына орай төленеді.

(2) Төлемдер жер қойнауын пайдалану лицензиялардың талаптарына сәйкес төленеді.

(3) Қазақстандағы $10,4 млн асатын инфрақұрылымдық және әлеуметтік төлемдер Топтың жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамдық мүддені қорғайтын органдарға, траст қорларына және басқа топтарға аударылатын төлемдер ретінде көрініс табады. Бұл төлемдерге баланстық құны бойынша активтерді беру де жатады. Олар жергілікті халыққа пайда әкелетіндіктен Топ оларды инфрақұрылымдық және әлеуметтік төлемлер ретінде қарастырады.

Есептің көшірмесі Компанияның вебсайтында орналасқан: https://www.kazminerals.com/ru/investors/news/

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласыңыздар:

KAZ Minerals PLC

Крис Бакналл	Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7882**
Анна Маллер	Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	**Тел: +44 20 7901 7814**
Максут Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаменті, Алматы	**Тел: +7 727 244 03 53**

Instinctif Partners

Дэвид Саймонсон	**Тел: +44 20 7457 2020**

ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙ
6th Floor, Cardinal Place, 100 Victoria Street, London SW1E 5JL, United Kingdom.

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысы мен ШҚО орналасқан Бозшакөл және Ақтоғай кен байыту кешендерінде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді.

Топтың өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырмақ.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Бозшакөл КБК кен байыту фабрикаларының жылдық толық қуаты 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 39 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – шамамен 28 жыл. Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында басталды, ал сульфидті кеннен алғашқы мыс концентраты 2017 жылдың ақпан айында өндірілді. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты есептік қуатына жеткенде 25 млн тоннаны құрайды. Ол сульфидті кенді өңдейтін екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон, Қазақстан және Гонконг қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

Бұл хабарламада ішкі ақпарат бар.